

Әшірбекова Г.Ш.
**Қази Данабай очерктерінің
көркемдік сипаты**

Мақалада Сыр өңірі журналистикасында ерекше қолтаңбасымен танымал Қази Данабайдың журналистік қызметі мен очерктерінің көркемдік сипаты жайлы сөз етіледі. Қ. Данабайдың «Сыр бойы» газетіндегі шығармашылық жолына шолу жасай отырып, аймақтың өзекті мәселелерін көтерудегі өткірлігін, табандылығын көрсететін мысалдар келтіреді. Автор Қази Данабайдың бірнеше портреттік очерктерінде кейіпкер образын жасау, психологиялық мінездеме беру, оқиға мен деректі баяндау шеберлігіне тоқталады. Қ. Данабай журналистикада ғана емес, көркем әдебиетте де даралығын танытқан тұлға. Оның көркем әдебиеттегі қаламгерлік шеберлігі алдымен публицистикада айқын көрінді. Мақала авторы публицист шығармашылығындағы осы ерекшелікке аса мән береді. Сонымен бірге жазушының шығармашылық жолына қысқаша шолу жасалады.

Қ. Данабайдың білім беру, мемлекеттік тіл, экономика саласында жазған мақалаларының маңызы ашылады. Публицистің зерттеушілік, талдаушылық, бағалаушылық қырларына тоқталады. Қ. Данабайдың журналистік жазбаларының басты ерекшеліктері анықталады.

Түйін сөздер: журналист, публицист, очерк, дерек, оқиға, жанр.

Ashirbekova G.Sh.
**Artistic originality essays Qazi
Danabay**

The article refers to the creative work of the famous journalist of the Syr country Qazi Danabay and has been analyzed artistic originality of his essays.

The author reviews K.Danabay's articles which were published in the newspaper «Syr Boyi». The article notes the relevance of the journalists' articles, as the author points out the skill of the journalist in the creation of portraits, images of his heroes, the ability to describe events, presenting the facts. K.Danabay is known not only as a publicist but as a writer of fiction. His artistic skills initially manifested in the genre of journalism.

The article discusses the career of a writer. Particular attention is drawn to the article in which the author raises issues of education, the economy, the state language status. The author notes that K.Danabay has the ability on research, analytical work. The article points out the main features of the works of journalist K.Danabay.

Key words: journalist, writer, essay, facts, events, genre.

Аширбекова Г.Ш.
**Художественное своеобразие
очерков К. Данабая**

В статье исследуются творческая деятельность и художественное своеобразие очерков известного журналиста Кази Данабая. Проводится обзор авторских материалов журналиста, опубликованных в газете «Сыр бойы», выявляются актуальность и мастерство в создании портретов и образов героев. К. Данабай известен не только как публицист, но и как автор художественных произведений. Особое внимание уделено публикациям К.Данабая, посвященным темам образования, экономики, статуса государственного языка. Автор статьи отмечает, что К. Данабая отличают способности к исследовательской, аналитической и творческой деятельности. Изучаются авторские находки и конкретные произведения журналиста.

Ключевые слова: журналист, публицист, очерк, факт, событие, жанр.

ҚАЗИ ДАНАБАЙ ОЧЕРКТЕРІНІҢ КӨРКЕМДІК СИПАТЫ

Кіріспе

Сыр өңірі журналистикасының тарихы 1925 жылдан бастау алады. Қызылорда астана болған жылдары республикалық басылымдардың сол кездегі басшылары мен бірқатар қаламгерлер осында қоныс аударып, баспасөз ісімен айналысқан. Олардың қатарында С. Сейфуллин, С. Мұқанов, Б. Майлин секілді ірі тұлғалар да бар. Бұл туралы т.ғ.к., доцент С. Тайман «Сыр өңірі журналистикасы: тарихы, қалыптасуы мен даму кезеңдері» атты ғылыми жобада кеңінен тоқталған. Бірнеше республикалық басылымдардың келуі жергілікті халықтың рухани дамуына оң ықпалын тигізді. Қазақтың ғана маңдайына біткен арыстардың табаны тиген киелі топырақта одан кейін де талай таланттар дүниеге келген. Олардың көпшілігі облыстық «Сыр бойы» газетінің шығармашылық қазанында қайнап, үлкен әдебиетке жолдама алған. Әсіресе Ә. Қоңыратбаев, А. Тоқмағамбетов, З. Шүкіров, Ә. Нұрпейісов, Д. Досжанов, Қ. Сүйеніш, А. Кіребаев, Ж. Рахматулла, Қ. Данабаевтардың есімін ерекше атауға болады. Сыр өңірінен шыққан қаламгерлердің көпшілігі дерлік алғашқы жазбаларын облыстық газетке жариялағанын білеміз.

Облыстық «Сыр бойы» газеті 1929 жылы 1 шілдеде жарық көрді. Сол уақыттан бері үздіксіз жарық көріп келе жатқан өңірлік басылым бүгінде өзіндік дәстүрі қалыптасқан шығармашылық мектепке айналды. Басылымнан қазақ әдебиетіне танымал бірқатар атақты ақын-жазушылар мен журналистердің тәрбиеленуі осы ойымыздың дәлелі. «Сыр бойы» газетінің тарихына байланысты дерек профессор Т. Қожакеевтің еңбегінде айтылады. Бұл туралы ғалым «Сыр бойының» тұңғыш нөмірі 1 шілдеде жарыққа шықты. Алғаш ол Қызылорда окурттік партия, кеңес комитеттері мен кәсіпшілер одағы бюросының газеті делініп, аптасына екі реттен шықты. Қыркүйектен Қызылорда, Шиелі, Тереңөзек, Қармақшы, Қазалы, Аламесек аудандарының партия, кеңес комитеттері мен кәсіпшілер одағы бюроларының органына айналдырылды.

«Сыр бойы» шаруалар газеті болғандықтан, шаруа жайын, егіншілік мәселесін, мал қамын көп жазды. Ауыл тіршілігіне көбірек араласты. 1930 жылғы 19 қаңтардағы нөмірінде:

«Сыр бойы» – шаруа қамқоры,
Жар салады, жатпайды.

Шаруалар алып оқындар,
Үмітіңді ақтайды.
Тілегіңді орындап,
Мұқтажыңды жоқтайды, –

деп жазды [1,104].

«Сыр бойы» газеті өзінің тағылымды тарихи жолында аймақтың айнасына айналды. Ел өміріндегі тарихи жылдарда жұртына жөн сілтеп, оқырманын ақпаратпен қамтамасыз етуде басты рөл атқарған да осы басылым болатын.

Ақпарат құралы – жаңалық жаршысы. Журналист жұмысының мәні елдің тыныс-тіршілігінен хабардар етіп отыруында. Билік пен халық арасындағы байланыс орнатушы ғана емес, ел дамуының өзекті мәселелерін сөз ете отырып, оның оң шешім табуына ықпал етеді. Түркі дүниесіне ортақ Қорқыт атаның киелі мекені атанған, сүлейлер отаны Сыр өңірі бүгінгі таңда қарышты қадаммен дамудың даңғыл жолына түскен.

Журналистика жайлы сөз еткенде ақпарат туралы түсінік қатарласа жүреді. Ол журналистің ақпаратпен жұмыс жасайтындығын айқындап қана қоймайды, журналист қызметіндегі ақпараттың да маңызын арттыра түседі. Ақпаратқа деген қажеттілік адамзат пайда болғалы бері жасасып келе жатқандығын бірқатар ғалымдар дәлелдеген. Белгілі ғалым, ф.ғ.д., профессор Б. Жақып «Қоғамдық дамудың әр түрлі сатысында хабар таратудың әдісі мен тәсілдері, құралы әр түрлі болды. Алаңға немесе биік міндерге шығып халықтың алдында патшаның әмірін оқыған жаршылар, көрші мемлекеттерге көш түзеген елшілер мен жорық жайлы, қорғаныс, біріккен шабуыл жоспарының мән-жайын жеткізген жаушылар, жартастарға қашалып жазылған жазулар, үңгірлер қабырғасындағы суреттер мен белгілер, қазақ ішіндегі «ұзынкұлақ», т.б. бәрі-бәрі ақпаратты жаһанға жария етудің қарапайым жолдары, өмірдің өзі тудырған көріністері еді. Көне түркілерден қалған «Қашық жердің хабарын керуен келтірер» деген мәтелдің өзегінде де ақпарат таратудың қарабайыр түрі көрініс береді»[2,23], – дей келіп, адамзат өркениетіндегі ақпарат таратудың жаңа тәсілдері дамығанын жазады.

Негізгі бөлім

Журналист өзі өмір сүрген қоғамнан тыс өмір сүре алмайды. Ол өзі куә болған болмыс, құбылыстағы әрбір оқиғаны жіті бақылап, қоғамның жүрек дүрсілін тыңдаушы. Қ. Данабайдың журналистік шығармашылығы

Қызылорда облыстық радиосында, кейіннен «Сыр бойы» газетінде қалыптасып, жемісін берді. Өңірлік мәселелердің барлығы дерлік мемлекеттік саясаттан тыс қалған емес. Мемлекеттік бағдарлама бойынша атқарылуға тиіс жұмыстар, Елбасы жолдауларында белгіленген міндеттердің орындалуына байланысты өңірдің барлық саладағы тіршілігінен хабардар етіп, өзекті тақырыпты тамыршыдай тап басып айту – аймақ журналистерінің басты міндеті. Бұл орайда Қ. Данабай – міндетіне адал, туған жерінің нағыз патриоты ретінде абыройлы еңбек еткен қаламгер.

Қ. Данабайдың шығармашылығында аймақтағы келелі мәселелердің барлығы дерлік көрініс тапты. Атап айтар болсақ, білім беру, өнердің сан саласы, мәдениет, әдебиет, сәулет өнер және қоғамдағы түрлі әлеуметтік мәселелер Қазидың журналистік шығармашылығының мазмұнын арттыра түседі.

Қази Соңғыбайұлы Данабайдың журналистік шығармашылығы облыстық «Сыр бойы» газетінде өтті десек қателеспейміз. 1989 жылдың соңына қарай қызметке қабылданған Қази Данабай да белсенді түрде тәуелсіз елдің келешектегі тағдырын, мемлекеттің ертеңгі күніне зәру тақырыптарды жаза бастады. Мамандығы мұғалім болғандықтан шығар, оның үнемі зерттеп отыратын саласы – тарих, білім беру, тіл, дін, діл.

Қ. Данабайдың негізгі мамандығы – мұғалім. Қазақ журналистикасының тарихында ұстаздықты меңгеріп, журналистік шығармашылықта кәсіби шеберлігін таныта білген публицистер аз емес. Мәселен, Ы. Алтынсарин, А. Байтұрсынұлы, Қ. Жапанов, О. Әлжанов, А. Құрманбаев, М. Әуезовтер алғашқы тырнақалды туындылары мен оқу ағарту саласындағы проблемалық мақалаларын мерзімді баспасөзде жариялап, баспасөз арқылы елге жеткізді. Қ. Данабайдың да әу баста меңгерген мамандығы мұғалім болса да, қоғамның кез келген мәселесіне бей-жай қарай алмайтын сергек ойлы журналист. Ол білім беру саласындағы мәселелерді үнемі жіті бақылауында ұстаған. Осы тақырыпқа арналған бірнеше мақалаларын оқығанымызда, оқушылардың білім көрсеткішіне аса мән беретіндігін байқадық. Мәселен, «Қала балаларының білімі таяз ба?», «Жетістігіміз қандай, кемшілігіміз қайсы?», «Тестіден тиімді тәсіл бар ма?», «Сынақта техникалық өзгеріс бар» атты мақалаларында тек қана Ұлттық бірыңғай тестілеу нәтижесі талқыланады. Жас ұрпақтың білім нәтижелерінің көңіл көншітпейтіні неде,

техникалық ақау неден кетті секілді нақты сауалдарға журналист жауап табуға тырысады.

Қази Данабай экономика мәселесіне де батыл барады. Әсіресе аймақтағы мұнай игеру шетелдіктердің қолына өтіп жатқан тұста газетте бірінші боп мақала жазған. Облыстық газет күнделікті аймақ жаңалықтары мен әкімшілік нұсқауларды көбірек орындайтынына қарамастан, Қази Данабай жүрегі қалаған, көңілі соққан мәселені ғана жазған.

Өңірлік баспасөздің дамуында өзіндік қолтаңбасы бар Қ. Данабайдың журналистік қыры тақырыпты, өзекті мәселені өткір қоя білуімен ерекше. Қ. Данабай қай мәселені жазса да, тыңғылықты, терең зерттеп барып жазатыны – өз ісіне деген жауапкершілігінің молдығынан. Оның тың идеясы мен өзгелерге ұқсамайтын тұсы – авторлық позициясының айқындығы. Қ. Данабайдың қаламынан туған проблемалық мақалалары, жанды мен жансызға өзіндік айшық бере отырып суреттеген публицистік туындылары оқырманның қызығып оқитын шығармаларына айналған.

Журналист шығармашылығы жайлы жазушы, халықаралық «Алаш» сыйлығының лауреаты Қ. Жиенбай «Ақ жайлау», «Қазанбай», «Азалы күн» әңгімелерінің жұлыны түгелдей Қарақұм адамдарының тыныс-тіршілігіне арналған. Кейініректе жазылған «Шөнтөбе, Шотай, Балдәурен» повесі дәстүрлі «Жалын» бәйгесінің жүлдегері», – дей келіп, «Қазидың суреткерлік талғамы тым биік болатын. Өзіне қатаң талап қоя білетін Қази өзгерлерінен де сондай биіктікті талап ететін. Көп оқып, көп ізденетін»[3], – деп жазады.

Қ. Данабайдың әдебиеттегі дара қолтаңбасы публицистикада шыңдалды десек қателеспейміз. Әсіресе көркем публицистика жанрларында жиі қалам тербеген Қази кейіпкер бейнесін жасаудың хас шеберіне айналды. Ол очерктің портреттік түріне өте көп жазған. Ал портретті бейнелеу – ең алдымен образ жасаудың, персонажға психологиялық мінездеме берудің тәсілі болып табылатынын ескерсек, қаламгер шығармашылығында бұл шарт шеберлікпен орындалады. Аталған очерктердің әрқайсысының айтар ойы бөлек көркем дүниелер. Кезінде оқырман көңілінен орын алған бұл туындылар Қази Данабайдың журналистік қабілеті мен талантын танытқан.

Сөз басында Қази Данабайдың жете меңгерген жанры очерк деген едік. «Арқауы алтын шаңырақ», «Өнердің өзеніндегі Жеңіс», «Қоңыр кешті қоңыраулатқан», «Тұлпардың

тұяғы», «Аты аңызға айналған Жапекен», «Азамат, сені сақтадым...», «Адамгершіліктің асқар шыңы», «Жетісудың жампозы», «Нұрғожаның өлмес өнегесі», «Қаламгерлер қадір тұтқан Нұрекен», «Қыл қаламға қонған періштелер», «Ұлы ақын ұлағаты», «Арманда кеткен азамат», «Шаңырақта жанған шырағдан» атты очерктері Сыр өңіріне ғана емес, бүкіл қазаққа есімдері мәлім тұлғаларға арналады.

Қази Данабайдың қаламынан туған очерктерінде деректілік басым. Мәселен, «Осы арада бізге мәлім емес, бір факт бар. Академияда бір-ақ жыл оқыған Сұлтанғали 1931 жылы Алматыға келіп, Түркісіб құрылыс басқармасына товаровед болып қызметке орналасады. Оқудан «бай-қулақтың баласы» атанып шықты ма, әлде Түркісіб науқандық жұмысына оқыған кадр керек болды ма, әйтеуір, Сұлтанғалидың сабақ үлгерімі жағынан ешқандай кінәрат болмағаны анық. Сыр бойының түлегі талант иесі екенін тағы бір дәлелдеп, 1931 жылы Мәскеу алтын және түсті металдар институтына оқуға түседі. Осы кезде Сұлтанғалидың тағдыр жолы қазақтың біртуар перзенті Дінмұхаммед Қонаевпен тоғысқан еді» [4], – дей келіп, Сұлтанғали Жақыпбековтің өміріне байланысты кейбір деректерді анықтауға ден қояды. Оның айғағын осы материалдарын үйлесімді етіп беруінен көреміз. Мұндай мысалдарды одан ары қарай жалғастыра беруге болады. Бір байқағанымыз, очеркист өзі кейіпкер етіп алған жерлері, адамдары турасында көп деректер жинаған. Онымен қоса, бұл мәліметтер бұрын-соңды еш жерде жарияланбағандығымен құнды.

Журналист қоғамның жүрек дүрсілін тыңдаушы десек, оның бұл қағиданы барлық материалдарында дерлік ұстанғандығы байқалады. Бір қызығы, журналист даярлаған сауалдардан гөрі, сұхбаттасу кезінде өзін қызықтырған, таң қалдырған нәрселерін сұрайды. Онысы әңгіме барысында публицист қаламымен сәтті байланысып, сюжеттік желіге айналып отырады. Келесі айтылар ой мен алдыңғы ойдың тігісін жатқызып, тартымды баяндалады. Оқырманын жалықтырмайды. Ендігі бір баяндаулар қызықты оқиғадан хабардар етіп отырады. Табиғатты да, адамды да әсерлі суреттеу басым. Мысалы: «Аса құрметті оқырман, ғарышкер, КСРО Батыры, «Халық қаһарманы», депутат, ғалым деп бір айтқан әңгімені мың қайтара шиырлап, Сізді де, өзгені де қинамайын. Біздің бүгінгі кейіпкеріміз әмбе қазаққа аян Тоқтар Әубәкіров. Біз білгенді Сіз де білесіз, себебі қазақта саусақпен санағанда екі-ақ ғарышкер бар. Тоқаң – соның тұңғышы. Пәлі деп бір қойыңыз...

...Жүрегіңізге қолыңызды қойып тұрып айтыңызшы, біздің Тоқаң халықтың мүддесіне қайшы келетін бірде-бір заң, бірде-бір ұсынысты қолдады ма? Қазақ тілін қадірлеуден бастап, ақиқаттың ақ жолынан тайған жоқ. Құдайшылығын айтты. Себебі, тоқсан сайын елге келіп, халықты аралап, отбасы жай-күйімен ортасында отырып танысатын қарапайым депутатты көргенім осы. Оның қарапайымдылығы – оның қазақтығы, ұлт жандылығы» [5]. Токтар Әубәкіров жайлы жазылған очеркте кейіпкердің образы барынша қарапайым тілмен суреттеледі.

Журналист Қ. Данабай бірде есімі танымал тұлға туралы жазса, енді бірде көп адамның көзіне түспеген, бірақ бітірген ісі мен жетістігі кез келгенді таң қалдыратын тұлғаларды іздеп жүріп тауып алады. Солардың бірі – Исрайлова Қарлығаш. Ол қандай жетістікке жетіпті дейсіз ғой, қол күрестен талайды тізе бүктірген қазақ қызы Сыр өңірінің тумасы болып шығады.

«Студент, кәдімгі қатардағы жас. Оның таңқаларлық ештеңесі жоқ. Бір жағдайға қайран қаласың: Қарлығаш университетте би өнерін қалап алған жоқ, жүзу бассейіне де бармады. Қол күресінің секциясына жазылды. Отыз жігіттің ішінде – жалғыз өзі. Алдында жігіттер әзіл-шыны аралас:

– Не қып жүрсің? – деген. Кейін сол жігіттердің өзімен біршама байқасып көрді. Біреуін жеңді, жеңілгені некен-саяқ болды.

..Гаувахти қаласында Азия чемпионаты өтті. Қол күресі үнді халқы үшін – ұлттық спорт секілді. Бәстескенде басындағы үйін тігіп жібереді, бар ақшасын ортаға салады. Жарыс сәуірдің 16 жұлдызында шымылдығын ашты. Қыздар арасындағы алғашқы сайыс сол қолмен күресуден басталды. Қазақ қызы ешқандай армреслинг маманының есебінде жоқ екен. Қарлығаш алдында келгеннің бәрін «жайпап» ақтық бәсекеде үнділік атлетті бір минутқа жеткізбей қағып тастағанда, бәрі есінен танып қалды. Үнділер қалпағын жерге ұрды. Жапондар үнсіз қалды. Бұл біздің сүйегімізге басылған дақ деді жарыс басында жүрген мамандар. Енді төрешілер Қарлығашқа қарсы күрескендей болды. Ережелерін өзгертіп келесі күні, сол емес оң қолмен күрестіруді атап көрсетті. Сол қолмен алтын алқа таққан қызына қалайда тосқауыл керек болды.

Қарлығаш Жапон қызын жеңді. Арада 50 минут өткенде корей келіншегі келді, Қарлығаш ұзақ тартыспен оны тізе бүктірді. Қары талып қалды. 10 минут үзіліс әлі жоқ. Енді 40 секундтан

кейін қытай атлетімен күш сынасты. Тағы жеңіс! Екінші алтынға қарай енді екі қадам керек. Осы кезеңде жарты минутқа жетпей үнді атлетіне қарсы қойды. Текетірес ұзаққа созылды. Қарлығаш техникамен ғана текетіресіп отыр. Жаттықтырушы М. Асанов қазылар алқасына қарсылық жазуда. Демалыссыз күрес – ережеге сай емес. Тыңдайтын құлақ жоқ. Бес мыңдық спорт залын көтерген үнділіктерде үн жоқ. Аренаға қарай пента, қалпақ лақтыруда. Ақыры Қарлығашты күллі Индия жабылып әрең жеңгендей болды. Америка газеттері Қарлығаш жайлы жарысып жаза бастады. Үйлеріне қонаққа шақырды. Алайда, әлем білген қызды өзіміз, туған елі білмей қалды. Біз чемпион атанған қызымызға үш айдан соң барып қуандық. Байқамай қалыппыз» [6]. Очеркте кейіпкердің жеңіске қаншалықты қиындықпен жеткендігі көзбен көргендей әсерлі баяндалады. Автор кейіпкер образын ашуда суреттеу, бейнелеу секілді көп нәрсеге ұрынбай-ақ болған оқиғаны баяндау тілімен жеткізеді.

Қорытынды

Қ. Данабайдың портреттік очерктерінде кейіпкердің өмір жолы мен шығармашылығын, қызметін насихаттап қана қоймайды. Оның шығармашылығының қыр-сырына үңіліп, оқырманға беймәлім дүниелерді жазуға тырысады.

Қ. Данабай қай тақырыпты қозғаса да, оны терең зерттеп, әбден көз жеткізгеннен кейін қолға алады. Ол бұл тұрғыдан келгенде Шоқан, Мұхтар, Сауытбек аталары мен ағаларының жолын жалғады десек, қателеспейміз. Ол оқырманға қызықты оқиғаларды үнемі іздестіріп жүреді. Деректі өз жанынан-ақ табады. Сансыз сауалдардың жетегінде қалғанда да оған өзі жауап табады.

Қ. Данабайдың басты мақсаты – оқырманына шынайы ақпарат жеткізу. Алынған деректің нақтылығына көз жеткізу үшін журналист көпшіліктің де, көзкөргеннің де пікірімен санасуды да ұмытпайды. Шындықты айту, кемшілікті сынау журналистің басты мақсаты болғандықтан, әрқашан да нақты дерекке сүйеніп, шындықты бұрмаламауы тиіс. Журналист қоғамдық пікірді тудырып, қалыптастырушы болғандықтан, ақиқаттан алшақ кетпеуі абзал. Замана шындығын дәлме-дәл көрсетуші ретінде журналист уақыт пен дәуір талабынан шығуы тиіс. Кез келген журналист аудиториямен қарым-қатынас орнатуда, өз білімін толықтыруда, кеңес беруде, бағыт-бағдар көрсетіп, ойларын талқыға

салуда жаңа, жетілген деректерді ұсынғаны жөн. Осы қағиданы берік ұстанған Қ. Данабай жазбалары шынайылығымен ерекшеленеді.

Публицистің шебер тілі қалаған сәтінде пейзаж, картина, образ, характер, диалог, сәтті деректер, штрихтар жасауға қызмет етеді. Қ. Данабайдың тілі қою, сөйлемдерінің бас-аяғықшам, тегіс те жұмыр келетіндігін оқырмандар қауымы тегіс аңғарса керек. Оның қаламынан туындаған шығармалар жеңіл де қызықты оқылады. Бұған себеп те – публицист тілінің қарапайымдылығы, түсініктілігі. Өз шығармаларының желісінде Қ. Данабай диалогты шебер құрады. Мүмкін кейіпкерлерінің көп ретте сирек кездесетін мамандық иелері мен ірі қоғам қайраткерлері, әдебиет өкілдері болғандықтан шығар, адамдар арасындағы диалог-әңгімелер

өте бір табиғи көрініске ие. Мәселен, «тұлпардың тұяғы» деп баға берген Мәди Құрманұлы Кереев, аңыз адам Жаппасбай, өнегесі өлмес Нұрқожа, адамгершіліктің асқар шыңына теңеген Исатай Әбдікәрмовтермен болған әңгімені очерктерінде жиі қолданады. Әңгіменің қаншалықты шынайы өрілгендігін диалогты оқып отырып-ақ сезінуге болады.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, Қазі Данабай туындыларының арқауы – нақты деректер. Оның талай жердің топырағын басып, талай елдің дәмін татқаны белгілі. Сондай өмір жорықтарында түртіп жүргені – ақиқат. Сол ізденгіштігінің, еңбекқорлығының нәтижесі – тарихи деректі туындары халқының қуанышына, рухани қазынасына айналды.

Әдебиеттер

1. Қожакеев Т. Жыл құстары. – Алматы: Қазақстан, 1991. – 240 б.
2. Жақып Б. Публицистикалық шығармашылық негіздері. – Алматы: Қазақ университеті, 2007. – 486 б.
3. Жиенбай Қ. Қарақұмдағы іздер [/http://infoportal.kz](http://infoportal.kz).
4. Данабаев Қ. Арманда кеткен азамат // Сыр бойы газеті, 21 қараша, 2004.
5. Данабаев Қ. Азамат, сені сақтадым...// Сыр бойы газеті, 12 қаңтар, 2002.
6. Данабаев Қ. Қос қолы алтын Қарлығаш // Сыр бойы газеті, 16 тамыз, 2003.

References

1. Kozhakeev T. Zhyl kustari. –Almaty: Kazakhstan, 1991. – 240.
2. Zhakyp B. Publysitikalik shygarmashilik negizderi. – Almaty: Kazakh university, 2007. – 486.
3. Zhienbai K. Karakumdagı izder [/http://infoportal.kz](http://infoportal.kz).
4. Danabaev K. Armanda ketken azamat // Syr Boyigazeti, 21 karasha, 2004.
5. Danabaev K. Azamat, seni saktadim // Syr Boyigazeti, 12 kantar, 2002.
6. Danabaev K. Kos koli altyn Karligash // Syr Boyigazeti, 16 tamiz, 2003.